



Тараз қалалық орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі
Централизованная система массовых библиотек г. Тараз

Ұлы даланың ұлағатты

тұлғасы

Әбу Насыр әл-Фараби 1150 жыл

Виртуалды көрме

Тараз -2020

Президентіміз Қ.Тоқаевтың 2020 жылы қаңтарда жариялаған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғалармен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет, (ғылым) майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес» дейді. Бұл ретте халқымыз солардың бірегейі ретінде әдетте Әбу Насыр әл-Фарабиді атайды.

1150 жылдық мерейтойдың ЮНЕСКО-ның жаһандық атаулы күндер тізіміне енгізілуі 2020 жылға сәйкес келу оқиғасына дүниежүзі зор мән береді Мерейтойды мерекелеудің басты мақсаты – әл-Фараби мұрасын зерделеуге жаңа серпін беру, әлем тарихындағы оның рөлін айқындап, есімін ұлттық бренд ретінде ұлықтау.


Сіздердің назарларыңызға Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Ұлы даланың ұлағатты тұлғасы» атты виртуалды көрмемізді ұсынамыз.




1150 жыл
Al-Farabiyin merkezi




1150 жыл
Al-Farabiyin merkezi




[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#)

1/14 **әл-Фараби, Ә. Н.** Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]. 7 т. 1 т.
Ф23 Қайырымды қала / Әбу Насыр әл-Фараби. - Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2019. – 248 б.



Бірінші томында ғұлама ғалымның қайырымды қаласы мінсіз қала болып, азаматтық қоғамның негізгі қасиеттерін және құндылықтарын бейнелейді.

Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Фарабидің пікірінше, «қайырымды қала» идеал болып табылады. Бұл қайырымды билеуші басқарған феодалдық қала. Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесетін қайырымды қала деп түсіндіріледі. Сол сияқты қайырымды қала, қайырымды тұрғындар (халық) болады. Адам өзінен басқа да адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек, және сонда ғана ол толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады делінген.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

1/14 **әл-Фараби, Ә. Н.** Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]. 7 т. 2 т.
Ф23 Философиялық трактаттар / Әбу Насыр әл-Фараби. - Алматы: RS;
Халықаралық Абай клубы, 2019. – 224 б.



«Философиялық трактаттар» атты екінші томында Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары, интеллектің түрлері, тіл туралы ғылым, логика, математика, табиғат және тәңірлік ғылымдар, азаматтық ғылым және діни ілім бойынша бес тараулық тақырыптар тереңінен қамтылған.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

Ислам әлемінің ұлы ғұламаларының бірі Әбу Насыр әл-Фараби қазақ топырағында, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб (қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданы маңайындағы ортағасырлық қала) қаласында дүниеге келген. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Отырардың ол кездегі аты Фараб болатын. Әл-Фарабидің толық аты – Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби әт Түрки. Ғалымдардың сөзінше, есімдегі «әт Түрк» дегені оның Түркі елінен шыққанын дәлелдеп отыр. Кей деректерде руының қаңлы-қыпшақ екені де айтылады.

Әскери отбасында дүниеге келген соң ба, әл-Фараби туралы еңбектерде оның ержүрек, батыр болғаны, жебені жақсы тартқаны айтылады. Соған қарағанда, ол тек ғылым-біліммен айналысып қана қоймай, сол кездегі түркілерге тән соғыс өнерін де жақсы меңгерген болуы керек.


Әл-Фараби өмір сүрген уақыт айрықша кезең ретінде аталады. Отырар өлкесінде оған дейін ойшылдар өте көп болса, оның өз заманында да ғұламалар аз болмаған. Ол жастайынан туған өлкесінде білім алып, Отырар кітапханасында отырып, шаң басқан қолжазбаларды ақтарып, көз майын тауысып, талмай кітап оқып, оқу-білімге ерте құмартқан. Әл-Фараби өмір сүрген IX-X ғасырларда Отырар өркениетінде рухани мұра жоғары бағаланған.

Шығыстың Аристотелі - Фарабидің еңбектері Еуропа тілдеріне аударылды. Бұл ғалымдар жасаған ынтымақты қадамдар еді. Әл-Фараби еңбектерінен бүгінгі адамзатқа қажетті сауалдардың бәріне жауап алуға болады. Фарабиді қоғам болып тану үшін оның биігіне көтерілу қажет. Ал ол үшін ауқымды ізденістер мен зерттеулер қажет.

Мұхтар Әуезов, қазақтың ұлы жазушысы, ғалым

1/14
Ф23

әл-Фараби, Ә. Н. Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]. 7 т. 3 т.
Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Әбу Насыр әл-Фараби. - Алматы : RS;
Халықаралық Абай клубы, 2019. - 288б.



Кітаптың үшінші томы — «Әлеуметтік этикалық трактаттар». Бұл кітапқа ұлы ойшылдың «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету туралы» төрт трактаты енгізілген. Шығыстың энциклопедист-ғалымының музыкалық шығармашылық қыры «Музыка туралы үлкен кітапта» көрініс тапқан.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

1/14:78
Ф23

әл-Фараби, Ә. Н. Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]. 7 т.
4 т. Музыка туралы үлкен кітап / Әбу Насыр әл-Фараби. –
Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2019. – 216 б.



Төртінші том - исламдық ортағасырлық мәдениетте елеулі құбылысқа айналған музыка ғылымының біртұтас жүйесіне арналған. Бұл жинақта Әл-Фараби музыканың табиғатын түсіндіретін теорияларды, поэзиялық және музыкалық өнердің байланысын ашып көрсетеді. Әл-Фарабидің рухани мұрасы сан қырлы.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)


*«Фараби - ұлы мұхит. Ал оған бойлау үшін
әлі талай жылдар қажет. Әрі ұлттың
мұрасы ретінде зерттеу жұмыстарына
барынша көңіл бөлуге тиіспіз»*

Роллан Сейсенбаев, жазушы драматург



1/14:165:001.1/5
Ф23


эл-Фараби, Ә. Н. Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]. 7 т. 5 т.
Ғылым туралы кітап / Әбу Насыр эл-Фараби. - Алматы : RS;
Халықаралық Абай клубы, 2019. – 288 б.



Ұлы ойшылдың шығармалар жинағының бесінші томы — «Ғылым туралы кітап» деп аталады. Бұл басылымға ғалымның «Евклидтің бірінші және бесінші кітап кіріспесіндегі түсініксіз тұстарды түсіндіру», «Геометриялық денелердің табиғи құпиялары мен рухани шебер амалдар туралы кітап», «Адам денесінің мүшелері туралы Аристотельмен келіспеген Галенге айтылған уәждер» және тағы да басқа трактаттары енген. Сондай-ақ бұл томнан ғалымның ғылым мен жаратылыстанудағы, медицина, физика, химия, математика салаларындағы ізденістерін аңғаруға болады

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

1/14:165 әл-Фараби, Ә. Н. Таңдамалы шығармалар жинағы
Ф23 [Мәтін]. 7 т. 6 т. Ой-сана туралы кітап / Әбу Насыр әл-
Фараби. - Алматы : RS; Халықаралық Абай клубы, 2019. –
256 б.



Алтыншы том - «Ой-сана туралы кітап» деп аталғанымен, бұл алдыңғы кітаптың жалғасы ретінде саналады. Осы жинақтан математика мен жаратылыстану салаларының қыр-сырын терең түсінуге болады. Сондай-ақ бұл томға Дешті-Кыпшак даласына XI ғасырдан кейін жеткен Фараби жырлары жинақталған. Әл-Фараби өлеңдерін қазақшаға аударған А.Нысаналин. Сонымен қатар кітапта ұлы ойшылдың өмір жолы мен еңбектері туралы мол мәлімет бар

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

A portrait of Al-Farabi, a prominent Islamic scholar, depicted with a white turban and a beard. The background features intricate Islamic geometric patterns in shades of orange and brown. The text is overlaid on the lower portion of the image.

Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы – бүкіл әлемдік ғылым дамуының тарихи іргетасы және бастау көзі. Ұлы ойшылдың 160-тан астам трактатта көрініс тапқан шығармашылығы ғылымның негізгі бағыттарын дамытуға ықпал етті. Ол математика, филология, химия, биология, астрономия, философия, медицина, логика, әлеуметтану, саясаттану, құқықтану, этика және басқа да салаларға өлшеусіз үлес қосты.

*Әл-Фарабидің шығармашылық болмысы Шығыс пен Батыс өркениетін байланыстыратын рухани алтын көпірге айналды. Көрнекті ойшыл-гуманист ретінде ол өз шығармашылығы арқылы антика және ислам әлемін біріктіре алды. Оның трактаттары **Ренессанс** дәуірінде Еуропадағы ғылымның дамуына және дүниетанымның қалыптасуына тікелей әсер етті*

Ғұлама ғалым кезінде жауап беруге тырысқан – бақыт туралы, адамның жетілуі туралы сұрақтар қазіргі заманғы адам мен қоғам үшін де аса өзекті. Оның дүниетанымы, адамзат өркениетіне көзқарасы жер бетіндегі барлық адамдарға бірдей түсінікті әрі тартымды.

Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы – Қазақстанның тарихы мен бай мәдениетінің аса маңызды және ажырамас бөлігі. Оның мұрасы арқылы біз түркі халықтарының рухани тамырластығы мен жақындығын, тарихы мен мәдениетінің ортақтығын, мәдени мұраның әлеуетін терең түсінеміз.

Сонау XII-XIII ғасырларда әл-Фараби шығармалары латынға-ғылым тіліне аударылды. Бүгінде әл-Фарабидің өлмес мұрасы қалың көпшілікке кеңінен қолжетімді болып, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиесіне ықпал етуі өте маңызды

1/14
Ф23

эл-Фараби, Ә. Н. Таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]. 7 т.
7 т. Ұстаздың оралуы / Әбу Насыр эл-Фараби. - Алматы : RS;
Халықаралық Абай клубы, 2019. – 280 б.




Жетінші томын Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» атты романымен аяқтайды. Мұнда автор сонау X ғасырда ғұмыр кешкен эл-Фарабидің ғибратты өмірін сөз етеді. Музыкалық мәдениеті мен сауатының арқасында жазушы эл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабын» көркем желіге айналдыруға күш салады. Романнан шартарапқа білім шырағын жаққан, артына асыл рухани мол мұра қалдырған эл-Фарабидің жарқын бейнесін көруге болады.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

1/14 - al-Farabi. The book of mind [Text] / Abu Nasr al-Farabi. - Almaty : RS ; Abai F24 International Club, 2019. - 240б.

Әл-Фарабидің «Ақыл мен ғылым туралы» ағылшын тіліндегі кітабына кіріспе мен төрт трактат кіреді: «Ақылдың мағынасы туралы [сөздер]» «Химия өнерінің қажеттілігі», «Адам денесінің мүшелері туралы Аристотельмен келіспеген Галенге айтылған уәждер», «Ғылымдардың классификациясынан » үзінділер.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

«Ғұлама, ойшыл Фарабидің есімі 1975 жылдардан бастап бүгінгі заман азаматтарының санасына дендеп ене бастады. Қазақ халқы басынан өткен ашаршылық, репрессия сияқты нәубеттерден кейін енді ғана есін жиып, сана-сезімін қалыптастыруға кіріскен тұста жадымызға жақындаған есімдердің бірі әл-Фараби болатын».

Мұрат Әуезов, мәдениеттанушы-ғалым, дипломат



Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Үстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады. Оның атақты "Музыка туралы үлкен трактат" деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.



Назар аударғандарыңызға рахмет!

*Виртуалды көрме Тараз қаласы ОККЖ
Ақпараттық – библиографиялық қамтамасыз ету
бөлімінде жасалды.*

www.libr.e-taraz.kz



[csmb_taraz](#)

